Жуатын-кептіретін машина жүктеме салмағын анықтау жүйесімен жабдықталған. Аздаған жүктемеде электр энергиясы, су шығыны және жуу уақыты кейбір бағдарламаларда автоматты түрде азаятын болады. Дисплейге **PLD** шығады.

6.1 Қуат көзі

Кір жуатын машинаны электр қуат көзіне қосыңыз (50 Гц жиіліктегі 220-240 В айнымалы ток, 6-1-сур.). Сонымен қатар «ОРНАТУ» бөлімін қараңыз (10-бет).



6.2. Су беруді қосу

- ▶ Қосу алдында кірістегі судың тазалығы мен мөлдірлігін тексеріңіз.
- ▶ Қранды ашыңыз (6-2-сур.).




Ескертпе: Герметикалық

Машинаны пайдаланбас бұрын қранды ашыңыз және кран мен ағызу құбыршегінің жалғанған жерінде су тамып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

6.3. Кірді жууға дайындау

- ▶ Жуатын кір мен киімдерді тігілген маталарының типтері бойынша (мақта, синтетикалық маталар, жүн немесе жібек және т.б.) және ластану дәрежесі бойынша сұрыптаңыз. Киімнің затбелгісіндегі күтім және жуу жөніндегі нұсқауларға назар аударыңыз.
- ▶ Ақ және түрлі түсті маталарды бөліп алыңыз. Түрлі түсті маталарды алдымен қаншалықты түссізденетінін анықтау мақсатында қолмен жуып көріңіз.
- ▶ Қалтадағы заттарды (кілт, тиын және т.б.) шығарып, киімдегі салмақты әшекей заттарды (мысалы, сәнді түйреуіш) алып тастаңыз, сонымен қатар тез тұтанатын заттарды (қағаз сүлгі, оттық, сіріңке және т.б.) алыңыз.
- ▶ Жиектері тігілмеген киімдерді, нәзік маталарды және жұқа тоқыма маталарды, мысалы, жұқа перделерді нәзік бұйымдарды жууға арналған қапшыққа салу керек (оларды қолмен жуған немесе құрғақ тазалау қолданған дұрыс).
- ▶ Сыдырма ілгектерді, жапсырмаларды және ілмектерді жабыңыз және түймелердің дұрыс тігілгеніне көз жеткізіңіз.
- ▶ Ұқыптылықты қажет ететін бұйымдарды, мысалы, жиектері тиісті түрде тігілмеген заттар, селдір маталы ішкіімдер және шұлық, белбеу, бюстгальтер және т. б. жууға арналған қапшыққа салыңыз.
- ▶ Төсек жаймасы, төсек жабыны және т.с.с. ірі заттарды аударыңыз.
- ▶ Жуу алдында джинсалар және толтырылған, декорациялы немесе ашық түске боялған матасы бар киімдерді теріс аударыңыз; оларды жеке жуу ұсынылады.



Ескертпе: Кептіру бойынша кеңестер

- ▶ Киімді мата типіне (мақта, синтетика және т.б.), қалаған кептіру дәрежесіне және бірдей қалдық ылғалға байланысты сұрыптаңыз. Кірдің затбелгісіндегі нұсқаулыққа сүйеніп, машинада кептіруге болатын заттарды ғана кептіріңіз. Мамық жамылғы кептіргеннен кейін үлпілдек болмайды. Оны қағыңыз немесе i-Refresh функциясымен өңдеңіз.
- ▶ Кептірер алдында кірді сығудың максимал жылдамдығында сығыңыз.
- ▶ Максимал рұқсат берілген жүктемеден асырмаңыз.
- ▶ Өте үлкен заттар жиырылып қалуға бейім. Егер кір толық кеппесе, жазып, кептіру бағдарламасының көмегімен қайта кептіріңіз.
- ▶ Жібек шұлық, ішкіім сияқты аса нәзік маталар отырып қалуы немесе пішінін жоғалтуы мүмкін, оларды кір жуатын машинада кептірмеген жөн. Нәзік матадан жасалған заттарды кір салатын қапқа салыңыз және шамадан тыс кебуіне жол бермеңіз.
- ▶ Джерси мен трикотаж отырып қалмау үшін кептірмеген дұрыс.

Күтім бойынша нұсқаулар

Жуу					
	95 °C-қа дейінгі жуу, әдеттегі режим		60 °C-қа дейінгі жуу, әдеттегі режим		60 °C-қа дейінгі жуу, жұмсақ режим
	40 °C-қа дейінгі жуу, әдеттегі режим		40 °C-қа дейінгі жуу, жұмсақ режим		40 °C-қа дейінгі жуу, өте жұмсақ режим
	30 °C-қа дейінгі жуу, әдеттегі режим		30 °C-қа дейінгі жуу, жұмсақ режим		30 °C-қа дейінгі жуу, өте жұмсақ режим
	40 °C-қа дейін қолмен жуу		Жууға болмайды		
Ағарту					
	Кез келген ағартуға рұқсат етіледі		Тек оттегімен ағарту. Хлорсыз		Ағартуға болмайды
Кептіру					
	Стандарт температурада барабанда кептіруге болады		Төмен температурада барабанда кептіруге болады		Барабанда кептіруге болмайды
	Сығу арқылы жуғаннан кейін жіпке жайып кептіру		Сығу арқылы жуғаннан кейін жазық жерде кептіру		
Үтіктеу					
	Макс. 200 °C температурада үтіктеу		150°C-қа дейінгі орташа температурада үтіктеу		110°C-қа дейінгі төмен температурада үтіктеу; булаусыз (бу киімді бүлдіруі мүмкін)
	Үтіктеуге болмайды				
Тоқыма бұйымдарға кәсіби күтім жасау					
	Тетрахлорэтиленде құрғақ кептіру		Көмірсутекпен құрғақ тазалау		Құрғақ тазалауға тыйым салынған
	Кәсіби ылғал тазалау		Кәсіби ылғал тазалауға тыйым салынған		

Бұл символдардың барлығы бірдей машина мәзірінде көрінбейді.

6.4 Кір жуатын машинаға жүктеу

- ▶ Киім-кешекті біреулеп салыңыз.
- ▶ Шамадан тыс жүктелуіне жол бермеңіз. Өр бағдарлама үшін максимал жүктеменің әртүрлі мәні көрсетілгеніне назар аударыңыз. Максималды жүктемені бақылау үшін қолыңызды жүктелген киім-кешек үстіне тігінен қоюға болатынын тексеріңіз.
- ▶ Есігін абайлап жабыңыз. Киімнің қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Есікке қысылып қалған киім люк манжеталарының зақымдалуына әкеледі. Бұл зақымдану кепілдікпен өтелмейді.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!**

Тоқылмаған бұйымдар, сонымен қатар ұсақ, берік бекітілмеген және үшкір заттар киімнің және кір жуатын машинаның бүлінуіне және ақауға әкелуі мүмкін.

6.5 Жуғыш затты таңдау

- ▶ Жуудың тиімділігі мен нәтижесі пайдаланылатын жуғыш құралдың сапасымен анықталады.
- ▶ Машинамен жуу үшін арналған жуғыш құралды ғана пайдаланыңыз.
- ▶ Қажет болғанда арнайы жуғыш құралдарды пайдаланыңыз, мысалы, синтетикалық және жүн заттарға арналған.
- ▶ Жуғыш құралдарды өндірушінің ұсыныстарын тұрақты ескеріңіз.
- ▶ Трихлорэтилен және ұқсас өнімдер сияқты құрғақ тазалауға арналған заттарды пайдаланыңыз.

Біршама қолайлы жуғыш құралды таңдаңыз.

Бағдарлама	Жуғыш құралдың түрі				
	Өмбебап	Түрлі-түсті маталар үшін	Нәзік маталар үшін	Арнайы	Кондиционер
Освежить (Балғындандыру)	-	-	-	-	o
Хлопок+ (Мақта+)	L/P	L/P	-	-	o
Смешанная (Аралас)	L	L/P	-	-	o
Пуховые вещи (Мамық заттар)	-	-	L	L/P	-
Шерсть (Жүн)	-	-	L/P	L/P	o
UV-обработка (UV-өңдеу)	L/P	L/P	-	-	o
Деликатная (Нәзік)	-	-	L/P	L/P	o
Отжим (Сығу)	-	-	-	-	-
Гигиена	L/P	L/P	-	-	o
Детская одежда (Балалар киімі)	L/P	L/P	-	-	o
Сушка (Кептіру)	-	-	-	-	-
Стирка&Сушка 59' (Жуу&Кептіру 59')	L	L	-	-	o
Быстрая 15 мин (Жылдам 15 минут)	L	L	-	-	o
Очистка барабана (Барабанды тазалау)	-	-	-	L/P	-

L = гель/сұйық жуғыш құрал **P** = кір жуатын ұнтақ **O** = пайдаланушының қалауы бойынша -- = жоқ

Сұйық жуғыш құрал пайдаланғанда кейінге қалған стартты қосуға кеңес берілмейді.


Әр алуан түрлі жуғыш құралдарды пайдаланып жуудың ұсынылатын температуралары:

- ▶ Кір жууға арналған ұнтақ: 20 - 90 °C дейін* (жақсы нәтиже үшін 40-60 °C)
- ▶ Түрлі түсті маталарға арналған құрал: 20 -60 °C дейін (жақсы нәтиже үшін 30-60 °C)
- ▶ Жүн/нәзік маталарға арналған құралдар: 20 -30 °C дейін (жақсы нәтиже үшін 20-30 °C)

* 90 °C жуу температурасын арнайы гигиеналық талаптар жағдайында ғана таңдаңыз.

* 60 °C және одан жоғары жуу температурасы жағдайында жуғыш құралдың азырақ мөлшерін пайдалану керек. Мақта немесе синтетикалық мата үшін жарамды арнайы дезинфекциялаушы құралды пайдалану ұсынылады.

* Көбіктенбейтін кір жууға арналған ұнтақ немесе көбікті аз мөлшерде түсетін ұнтақ пайдалану ұсынылады.




6.6. Жуғыш құралдармен толтыру

1. Жуғыш құралдарға арналған науашаны өзіңізге қарай тартыңыз.
2. Сәйкес ойықтарына қажет жуғыш құралдарды құйыңыз (6-4-сур.).
3. Науашаны ұқыптап машинаға қайта жылжытыңыз.



Ескертпе:

- ▶ Жуғыш құралдың қаптамасындағы нұсқауды орындаңыз.
- ▶ Қойытылған сұйық жуғыш құралды, сонымен қатар кондиционерді ойыққа құяр алдында сұйытып алған жөн.
- ▶ Бағдарламаны таңдау кестесіне сәйкес және киімнің затбелгісіндегі жуу және күтім жасау нұсқауларын ескере отырып, бағдарлама баптауларын мұқият таңдаңыз.



6.7 Кір жуатын машинаны қосу

Машинаны қосу үшін қуат көзі батырмасын басыңыз (6-5-сур.).

Старт/ «Пауза» (Старт/Кідіріс) батырмасының индикаторы жыпылықтай бастайды.

6.8. Бағдарлама таңдау

Жуудың жақсы нәтижелеріне қол жеткізу үшін ластану дәрежесі және жуылатын кірдің типіне біршама жарамды бағдарламаны таңдаңыз.

Бағдарламаларды ауыстырып қосқыш тұтқасын бұрау арқылы (6-6-сур.) сәйкес бағдарламаны таңдаңыз.


Сәйкес бағдарламаның индикаторы жанады және дисплейге үнсіз келісіммен баптау шығады.



Ескертпе: Иіс кетіру

Алғашқы кір жуу алдында әлеуетті зиянды заттар және қоқыстан тазарту мақсатында контейнер бөліміне (2) аз мөлшерде жуғыш құралмен толтырып немесе арнайы

тазартатын құрал қолданып, кір салмастан «**Очистка барабана**» («Барабанды тазалау») бағдарламасын қосу керек.



6.9 Дербес баптаулар қосу

Қажет функциялар мен баптауларды таңдаңыз (6-7-сур.); «Басқару панелі» бөлімін қараңыз.

6.10 Жуу бағдарламасын іске қосу

«Старт/Пауза» (Старт/Кідіріс) батырмасын басыңыз (6-8-сур.).

«Старт/Пауза» (Старт/Кідіріс) батырмасының индикаторы жыпылықтауын

доғарып, жанады. Машина берілген баптауларға сәйкес жұмыс істейтін болады. Бағдарламаны жойған кезде ғана өзгертулер енгізуге болады.

6.11 Тоқтату – жуу бағдарламасын болдырмау

Қолданыстағы бағдарламаны тоқтату үшін «Старт/Пауза» (Старт/Кідіріс) батырмасын ақырын басыңыз. Батырма үстіндегі жарықдиодты индикатор жыпылықтай бастайды. Жұмысты жаңғырту үшін батырманы тағы бір рет басыңыз. Іске қосылған бағдарламаны және оның барлық дербес баптауын болдырмау үшін:

1. Қосулы бағдарламаны тоқтату үшін «Старт/Пауза» (Старт/Кідіріс) батырмасын басыңыз.
2. Жаңа бағдарлама таңдау үшін, тұтқаны бұраңыз және іске қосыңыз.
3. Егер су деңгейі берілген бағдарламаға қажет мөлшерден төмен болса, машина су толтыра бастайды.

6.12 Жуудан кейін



Ескертпе: Есікті бұғаттау

- ▶ Қауіпсіздік үшін жуу циклын орындау кезінде есік жартылай бұғатталады. Есікті тек жуу аяқталғаннан кейін немесе бағдарламаны дұрыс тоқтатқаннан кейін (жоғарыда сипатталғандай) ашуға болады.
- ▶ Су деңгейі жоғары, су температурасы жоғары болған жағдайда және сығу кезінде есікті ашу мүмкін емес; бұл ретте дисплейде **LoSt** пайда болады.

1. Бағдарлама циклы аяқталған кезде, дисплейде **End** жазуы жанады.
2. Кір жуатын машина автоматты түрде өшеді.
3. Үтіктеуді жеңілдету және қыртыс пайда болуының алдын алу үшін, кірді неғұрлым жылдам шығарыңыз.
4. Су беруді өшіріңіз.
5. Қуат баусымын резеткеден ажыратыңыз.
6. Ылғал жиналып, иіс шығуына жол бермеу үшін, есігін ашып қойыңыз. Кір жуатын машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық қалдырыңыз.
7. Киімнің ұсақ заттары жоғары жылдамдықта кептіргеннен кейін барабанның қабырғасына жабысып қалуы мүмкін. Киімді алу үшін есікті ашқанда, осындай заттарға назар аударыңыз.



Ескертпе: Күту режимі / энергия үнемдеу режимі

Қосылу машина бағдарламаны іске қосу алдында немесе ол аяқталғаннан кейін 2 минут ішінде белсендірілмесе, күту режиміне өтеді. Электр энергиясын үнемдеу мақсатында дисплей өшеді. Күту режимін тоқтату үшін «Старт/Пауза» (Старт/Кідіріс) батырмасын басыңыз.

6.13 Дыбыстық сигналды қосу және өшіру

Дыбыстық сигналды қажет болған жағдайда өшіруге болады:

1. Машинаны қосыңыз.
2. «Очистка барабана» (Барабанды тазалау) бағдарламасын таңдаңыз.
3. Темп $\begin{matrix} 60^{\circ}\text{C} \\ 40^{\circ}\text{C} \end{matrix}$ және «Пар» (Бу) батырмаларын бірге 3 секунд басып тұрыңыз.

Дисплейге **bEEP OFF** шығады және дыбыстық сигнал сөнеді.

Дыбыстық сигналды қайта қосу үшін сол батырмаларды бір уақытта басыңыз.

Дисплейде **bEEP on** хабарламасы шығады және дыбыстық сигнал қосылады.





Экологиялық жауапты пайдалану

Жуу

- ▶ Қуатты, суды, жуғыш құралды және уақытты оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ету үшін максималды жүктеу көлеміне қатысты ұсыныстарды орындау керек.
- ▶ Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз (киімнің үстінде ені алақандай саңылау қалуы тиіс).
- ▶ Аздап кірлеген киім үшін "Быстрая" (Жылдам 15 мин.) бағдарламасын таңдаңыз.
- ▶ Әр жуғыш құралдың нақты дозасын пайдаланыңыз.
- ▶ Сәйкес келетін ең төмен жуу температурасын таңдаңыз – заманауи жуғыш құралдар ластануды 60 °C төмен температурада да тиімді тазалайды.
- ▶ Үнсіз келісім бойынша баптауларды қатты ластанған жағдайда ғана арттырыңыз.
- ▶ Кептіру бағдарламасын қолданбақ болсаңыз, кірді максимал жылдамдықта сығыңыз.

Кептіру


- ▶ 8 кг-ға жуық максималды жүктемені пайдаланыңыз.
- ▶ Кірді кептіру бағдарламасы іске қосылғанша түзеңіз.
- ▶ Жуған кезде кондиционер пайдаланбаңыз, өйткені кір кепкен соң босап, жұмсақ болып қалады.

8.1 Жуғыш құралдарға арналған науашаны тазалау

Науашадағы жуғыш құралдардың қалдығын үнемі кетіріп отырыңыз.

Науашаны әрдайым мынадай әдіспен тазалаңыз (8-1-сур.):

1. Науашаны сырт еткенше тартыңыз.
2. Бекіткіш батырмасын басып, науашаны машинадан шығарыңыз.
3. Науашаның ішін сүлгімен сүртіңіз.
4. Науашаны толығымен тазарғанша сумен шайып, қайтадан машинаға салыңыз.
5. Люк манжетінің төменгі бөлігінде және жуғыш құралдарға арналған науашада суды жиналуы қалыпты құбылыс болып табылады.



8.2 Кір жуатын машинаны тазалау


- ▶ Кір жуатын машинаны тазалау немесе күтім жасау барысында электр қуаты баусымының ашасын розеткадан суырыңыз.
- ▶ Машинаның корпусын (8-2-сур.) және резеңке элементтерін тазалау үшін сабынды жуғыш ерітіндіге малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- ▶ Органикалық химиялық заттарды немесе коррозия тудыратын еріткіштерді қолданбаңыз.



8.3 Су беру клапаны және оның сүзгісі

Су құбырының қақ сияқты қатты бөлшектермен бітелуінің алдын алу үшін су құбыры кранының сүзгісін жүйелі түрде тазалаңыз.

- ▶ Электрлі қуат беру баусымының ашасын суырып, су берілісін тоқтатыңыз.
- ▶ Су төгетін құбыршекті машинаның артқы қабырғасындағы клапаннан (8-3-сур.) және су беру кранынан бұрап алу арқылы алыңыз.
- ▶ Сүзгілерді сумен шайыңыз және сүзгіні тазалауға арналған щетка көмегімен тазалаңыз (8-4-сур.).
- ▶ Сүзгіні салып, құю құбыршегін орнына орнатыңыз.
- ▶ Ағып кетудің жоқтығына көз жеткізу үшін кранды ашыңыз.




8.4 Барабанды тазалау

▶ Жуған кезде кездейсоқ түсіп кеткен әсіресе, түйреуіш, тиын сияқты металл заттарды барабан мен есік нығыздағыштың қуысынан (резеңке шеңбер) алыңыз, олар тот дақтарының пайда болуына немесе зақымдалуына әкеледі.

▶ Тот дақтарын кетіру үшін, құрамында хлорид жоқ жуғыш құралдар пайдаланыңыз. Жуғыш құралды өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.


▶ Тазалау үшін қатты заттарды немесе болат ысқыштарды пайдаланбаңыз.

▶ Процедура аяқталғаннан кейін есікті ашыңыз, орамалмен төсемнің айналасындағы дақтарды және көбікті кетіріңіз. Төсемнің іші мен сыртын таза ұстаңыз (8-5-сур.).



i Ескертпе: барабанды тазалау

Тұрақты техникалық қызмет көрсету ретінде коррозияға әкелуі мүмкін ластануды кетіру үшін, ер 100 жуу циклынан кейін **Очистка барабана** (Барабанды тазалау) бағдарламасын іске қосуды ұсынамыз. Науаша ойығына (2) аздап жуғыш құрал құйыңыз немесе арнайы тазартқыш пайдаланыңыз.



8.5 Ұзақ уақыт пайдаланбау

Егер машинаны ұзақ уақыт бойы пайдаланбау жоспарланатын болса, онда келесі дайындық жұмыстарын жүргізу ұсынылады:

1. Электрлік ашаны розеткадан суырыңыз (8-6-сур.).
2. Су беруді өшіріңіз (8-7-сур.).
3. Ылғал жиналып, иіс шығуына жол бермеу үшін есігін ашып қойыңыз. Кір жуатын машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық қалдырыңыз.

Келесі пайдалану алдында қуат көзі кабелін, су беруді және су ағызатын құбыршекті мұқият тексеріңіз.

Барлығының дұрыс орнатылғанына және ағып кетудің жоқтығына көз жеткізіңіз.

8.6 Сорғы сүзгісі



Сүзгіні айына бір рет тазалап, машинаның келесі жағдайларында сорғы сүзгісін тексеріңіз:

- ▶ Суды төкпейді.
- ▶ Сықпайды.
- ▶ Жұмыс кезінде әдеттен тыс шу шығарады.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күйіп қалу қаупі! Сорғы сүзгісіндегі су өте ыстық болуы мүмкін! Кез келген амалды іске асыру алдында судың салқындағанына көз жеткізіңіз.



1. Кір жуатын машинаны сөндіріңіз және қуат баусымының ашасын розеткадан суырыңыз (8-8-сур.).
2. Сервистік люкті басып, ашыңыз (8-9-сур.).
3. Суды ағызуға арналған тегіс ыдысты қойыңыз (8-10-сур.). Су көлемі үлкен болуы мүмкін!
4. Ағызу құбыршегін созып және оның ұшын ыдыстың үстінде ұстаңыз (8-10 сур.).
5. Ағызу құбыршегінің бітеуішін суырып алыңыз (8-10-сур.).
6. Суды толық ағызғаннан кейін ағызу құбыршегін жауып (8-11-сур.), оны машина ішіне жинаңыз.
7. Сорғы сүзгісін сағат тіліне қарсы бұрап, шешіп алыңыз (8-12-сур.).
8. Ластануды кетіріңіз (8-13-сур.).

9. Сорғы сүзгісін мұқият тазалаңыз (8-14-сур.).
10. Тазалағаннан кейін тұтқаны орнына қойып, оны тотағанша бұраңыз. Осы сәтте тұтқа тік күйде болады (8-15-сур.).
11. Сервистік люкті жабыңыз.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

- ▶ Сорғы сүзгісінің тығыздамасы таза және ақаусыз болуы керек. Егер қақпағы тығыз жабылмаса, су ағып кетуі мүмкін.
- ▶ Сүзгі өз орнында тұруы керек, керісінше жағдайда ағып кету орын алуы мүмкін.

Туындаған мәселелердің көпшілігінің шешімін пайдаланушы арнайы тәжірибесі болмаса да өз бетінше таба алады. Мәселе орын алған жағдайда, сатудан кейінгі қызмет көрсету ұйымына жүгіну алдында барлық көрсетілген себептерін тексеріңіз және төменде берілген нұсқауларды орындаңыз. «КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ» бөлімін қараңыз



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсету алдында, машинаны сөндіріп және электрқорек сымының ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Электр құрылғыларға техникалық қызмет көрсетуді тек білікті электриктер жүргізуі керек, себебі қате жөндеу кейіннен біршама зақым келтіруі мүмкін.
- ▶ Қауіпті жағдайдың алдын алу мақсатында зақымдалған электрқорек кабелін тек дайындаушы, оның сервистік агенті немесе біліктілігі сәйкес маман ғана алмастыруы керек.

9.1. Ақпараттық хабар беру кодтары

Келесі кодтар тек ақпараттық мақсатта шығады және жуу циклына қатысты болады. Олар қандай да бір әрекеттерді орындауды талап етпейді.

Код	Хабарлама
01:25	Жуу циклының аяқталуына 1 сағат 25 минут қалды.
06:30	Таңдалған кідіру уақытын қоса алғанда, жуу циклының аяқталуына (циклдың аяқталуына) 6 сағат 30 минут қалды.
End	Жуу циклы аяқталды. Кір жуатын машина автоматты түрде өшеді.
cL oF	Балалардан бұғаттау белсендірілген.
Lo cF	Судың жоғары деңгейі, жоғары температурасы немесе сығу циклын орындауға байланысты есік бұғаттаулы.
bEEP oFF	Дыбыстық сигнал өшірілі.
bEEP on	Дыбыстық сигнал қосулы.

9.2. Ақауларды дисплейдегі кодқа сәйкес жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
CLr FLr	• Су ағызудағы қате, 6 минут бойы су толық ақпайды.	• Сорғы сүзгісін тазалаңыз. • Ағызу құбыршегінің орнатылуын тексеріңіз.
E2	• Бұғаттау қатесі	• Есікті дұрыс жабыңыз.
E4	• 8 минут өткен соң су деңгейі жеткіліксіз. • Су сифон әсері салдарынан ағызу құбыршегі арқылы ағады.	• Қран толық ашық және су қысымы қалыпты екеніне көз жеткізіңіз. • Ағызу құбыршегінің орнатылуын тексеріңіз.
E8	• Су деңгейі бойынша қорғаныс қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.

Мәселе	Себебі	Решение
F3	• Температура датчигінің қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
F4	• Қыздыру қатесі	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
F7	• Қозғалтқыш қатесі	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
F9	• Кептіру температурасы датчигінің қатесі	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
FR	• Су деңгейі тетігінің қатесі	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
FC1 or FC2 FC3	• Байланыс қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
Fd	• Кептіргіштің қыздырғыш элементінің қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
E9	• Жүктеме барабанның арқасына түседі.	• Машинаны іске қосу үшін есігін ашып, кірді қағыңыз да, ішкі цилиндрге қайта салыңыз.
FE	• Кептіргіш қозғалтқышының қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
E12	• Кептіру үшін су деңгейі тым жоғары.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
E5	• Ағызу қатесі. Су 1 минут ішінде толық ағып кетпейді (i-Refresh бағдарламасы).	• Сорғы сүзгісін тазалаңыз. • Ағызу құбырышегінің орнатылуын тексеріңіз.

9.3 Дисплейге код шықпаған ақауларды жою

Мәселе	Себебі	Решение
Машина істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> • Бағдарлама әлі іске қосылған жоқ. • Есік дұрыс жабылмаған. • Кір жуатын машина қосылмаған. • Қуат көзінің істен шығуы. • Балалардан бұғаттау белсендірілген. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бағдарламаны тексеріңіз және оны іске қосыңыз. • Есікті дұрыс жабыңыз. • Машинаны қосыңыз. • Электрқоректі тексеріңіз. • Балалардан бұғаттауды өшіріңіз.
Кір жуатын машинаға су толмайды.	<ul style="list-style-type: none"> • Су берілмейді. • Қую құбырышегінің майысуы • Қую құбырышегінің сүзгісі толып қалған. • Су қысымы 0,03 МПа-ға қарағанда төмен. • Есік дұрыс жабылмаған. • Сумен жабдықтаудағы ақау 	<ul style="list-style-type: none"> • Суды жіберу кранын тексеріңіз. • Қую құбырышегі тексеріңіз, • Қую құбырышегінің сүзгісін тазартыңыз. • Судың қысымын тексеріңіз. • Есікті дұрыс жабыңыз. • Су беруді қамтамасыз етіңіз.
Кір жуатын машина суға толған кезде су ағады.	<ul style="list-style-type: none"> • Су ағызатын құбыршектің көтеру биіктігі 80 см-ден аз. • Мүмкін, ағызу құбырышегінің ұшы суға жіберілген. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ағызу құбырышегі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз. • Ағызу құбырышегінің ұшы суда емес екеніне көз жеткізіңіз.
Ағызу қатесі.	<ul style="list-style-type: none"> • Ағызу құбырышегі бітелген. • Сорғы сүзгісі бітелген. • Ағызу құбырышегінің ұшы еден деңгейінен 100 см жоғары орналасқан. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қую құбырышегі тазалаңыз. • Сорғы сүзгісін тазалаңыз. • Ағызу құбырышегі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.

Мәселе	Себебі	Шешімі
Сығу кезінде күшті діріл.	<ul style="list-style-type: none"> Тасымал бұрандаларының барлығы алынбаған. Машина тұрақсыз күйде орналасқан. Кір жуатын машина дұрыс жүк-телмеген. 	<ul style="list-style-type: none"> Барлық тасымалдау бұрандаларын шешіңіз. Қатты негізді бетті қамтамасыз етіп, машинаны тегістеңіз. Жүктеменің салмағы мен біркелкі орналасқанын тексеріңіз.
Кір жуатын машина жуу циклы аяқталмай тұрып тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> Су беру немесе электрқорек ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> Электрқоректі және сумен жабдықтауды тексеріңіз.
Кір жуатын машина біраз уақытқа тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> Дисплейде қате коды көрсетіледі. Қате жүктеуге байланысты мәселе. Бағдарлама жібіту циклін орындайды. 	<ul style="list-style-type: none"> Қате кодтарын тексеріңіз. Жүктемені азайтыңыз немесе реттеңіз. Бағдарламаны тоқтатып, қайта іске қосыңыз.
Барабанда және/немесе жуғыш құралға арналған астауда шамадан тыс көбік бар.	<ul style="list-style-type: none"> Жарамсыз жуғыш құрал. Жуғыш құралды шамадан тыс көп пайдалану. 	<ul style="list-style-type: none"> Жуғыш құралды таңдау бойынша ұсыныстарды тексеріңіз. Жуғыш құралдың мөлшерін азайтыңыз.
Жуу уақытын автоматты реттеу.	<ul style="list-style-type: none"> Жуу бағдарламасының ұзақтығы түзеледі. 	<ul style="list-style-type: none"> Бұл қалыпты жағдай және функциялыққа әсер етпейді.
Сығу кезінде істен шығу	<ul style="list-style-type: none"> Барабандағы кірдің теңгерімді болмауы. 	<ul style="list-style-type: none"> Машина жүктемесін тексеріп, сығу бағдарламасын қайта қосыңыз.
Жуу нәтижесі қанағаттанарлықсыз.	<ul style="list-style-type: none"> Ластану дәрежесі таңдалған бағдарламаға сәйкес келмейді. Жуғыш құралдың мөлшері жеткіліксіз. Максимал жүктемеден асып кетті. Барабанда кір бірыңғай орналаспаған. 	<ul style="list-style-type: none"> Басқа бағдарламаны таңдаңыз. Ластану деңгейі мен өндіруші ұсыныстарына сай жуғыш құрал таңдаңыз. Жүктемені азайтыңыз. Киімді түзетіңіз.
Киімде кір жуатын ұнтақтың қалдықтары.	<ul style="list-style-type: none"> Жуғыш құралдың ерімеген түйірлері кірде ақ дақ түрінде қалуы мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> Құрғақ кірдің іздерін щеткамен сүртіп көріңіз. Басқа жуғыш құралды пайдаланыңыз.
Киімде сұр дақтар бар.	<ul style="list-style-type: none"> Майлар, кремдер немесе майлар сияқты майлардың әсерінен туындайды. 	<ul style="list-style-type: none"> Кірді арнайы тазалағыш көмегімен жууға дайындаңыз.



Ескертпе: Артық көбіктену

Егер сығу циклі орындау кезінде көбік тым көп пайда болса, қозғалтқыш тоқтап, су төгетін сорғы 90 секунд жұмыс істейді. Егер ондай талпыныс 3 рет қатарынан нәтижесіз аяқталса, бағдарлама сығуды орындамай тоқтайды.


Егер қателер туралы хабарлама қабылданған шаралардан кейін де пайда болса, машинаны өшіріңіз, электрқоректі өшіріңіз және клиенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз.

9.4 Электрқорек істен шыққан жағдайда

Қолданыстағы бағдарлама мен оның баптаулары сақталады. Электр қуаты қалпына келген соң жұмыс қайта басталады.

Егер бағдарламаны орындау кезінде электрлі қуат көзі істен шықса, есік механикалық түрде бұғатталады.

Егер кірді шығару қажет болса, су деңгейі әйнек есіктен көрініп тұрмағанына көз жеткізіңіз. - Күйіп қалудан сақтаныңыз! Су деңгейін «Сорғы сүзгісі» бөлімінде көрсетілгендей төмендетіңіз. Содан кейін ғана сервистік люк қақпағының астындағы (9-1-сур.) иінтіректі (А) есік жеңіл шырт етіп бұғаттан шыққанша тартыңыз. Содан соң барлық бөлігін бекітіңіз.



Кір жуатын машина пайдаланушы үшін қауіпсіз күйде болғанда (су деңгейі белгілі бір қашықтыққа тексеру люкінен төмен, бактың температурасы 55° C-тан төмен, ішкі бак айналмайды), машинаның есігін ашуға болады.

10.1 Дайындау

- ▶ Кір жуатын машинаны қаптамадан шығарыңыз.
- ▶ Корпустан қорғаныш қабықшасын қоса алғанда, барлық қаптау материалын және пенопласт табанын алып, балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Қаптамасын ашқанда пластик пакетте және иллюминаторда су тамшылары көрініп тұруы мүмкін. Бұл суды пайдалану арқылы зауыттық сынақпен туындаған қалыпты құбылыс.




Ескертпе: Қаптамасын кәдеге жарату

Барлық қаптау материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз.


10.2 ҚОСЫМША: Шуды басатын төсемдерді орнатыңыз

1. Терможиырылатын қаптамасын ашқанда, шуды бәсеңдететін төрт төсемді көресіз. Олар шуды азайту үшін қолданылады (10-1-сур.).
2. Кір жуатын машинаны жүктейтін люк төбеге, ал төменгі жағы сізге қарап тұратындай етіп жантайтып қойыңыз.
3. Шуды бәсеңдететін төсемдерді алып, екіжақты жабысқақ үлдірін алыңыз; түбіне периметр бойымен желімдеңіз; шуды бәсеңдететін төсемдер кір жуатын машина корпусының астындағы 3-суретте көрсетілген (екі ұзын төсем – 1 және 3 орындарына, екі қысқа төсем – 2 және 4 орындарында) орналасады. Төсемдерді орнатқан соң машинаны тік қалпына қайта қойыңыз.





10.3 Тасымалдау бұрандаларын алу

Тасымалдау бұрандалары ішкі зақымдануды болдырмау үшін, тасымалдау кезінде машина ішіндегі дірілге қарсы компоненттерді бекітуге арналған. Мұндай элементтердің бәрін (10-2-сур) машинаны қолданар алдында алып тастау керек.




1. Барлық 4 бұрандамасын (T1 - T4) бұраңыз (10-3-сур).





10-4


2. Төменгі артқы арқаулағыш тақтайшадағы бекіткіштен 3 бұранданы (R1-R3) бұрап шығарып, арқаулағыш тақтайшаларды (S1) машинадан алыңыз (10-4-сур).



10-5

3. 1 темір шыбықты шығарыңыз (10-5-сур).

4. Қалған 5 тесікке бітеуіш қойыңыз (10-6-сур).



10-6




Ескертпе: Сенімді жерде сақтаңыз

Тасымалдау бұрандалары мен бөлшектерін кейін пайдалану үшін, қауіпсіз жерде сақтаңыз. Машинаны тасымалдаған сайын осы бөлшектерді орнына орнатыңыз.

10.4 Кір жуатын машинаның орнын ауыстыру

Егер машинаны басқа орынға ауыстыру қажет болса, бүлінудің алдын алу үшін тасымалдау бұрандаларын қайта орнатыңыз, оларды орнату кері тәртіпте жүзеге асады.



10-7

10.5 Машинаны түзеу

Толықтай түзу орналастыру үшін, барлық аяқшасын (10-7-сур) реттеңіз. Бұл дірілдеуін барынша азайтады, нәтижесінде жұмыс кезінде шу да аз болады. Түзеу сонымен қатар машинаның табиғи тозуын азайтады. Тегістеу үшін спирттік деңгейді пайдалану ұсынылады. Еден мүмкіндігінше қатты әрі тегіс болуға тиіс.

1. Сомындық кілт көмегімен қарсысомынды (1) босатыңыз.
2. Биіктігін аяқшасын (2) бұрау арқылы реттеңіз.
3. Корпусындағы қарсысомынды (1) тартып бұраңыз.

10.6 Су ағызу үшін қосу

Ағызу құбыршегін су құбырына дұрыс қосыңыз. Құбыршектің жоғарғы нүктесі машина түбінен 80-нен 100-ге дейінгі см биіктікте тұруға тиіс. Мүмкіндігінше ағызу құбыршегін үнемі машинаның артқы бөлігіндегі қысқышқа бекітіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Қосу үшін машинамен бірге берілген құбыршектер жинағын ғана қолданыңыз.
- ▶ Ешқашан ескі құбыршек жинағын пайдаланбаңыз!
- ▶ Қую құбыршегін суық су құбырына ғана қосыңыз.
- ▶ Қосу алдында судың тазалығы мен мөлдірлігін тексеріңіз.


Келесі қосу нұсқалары болуы мүмкін:

10.6.1 Ағызу құбыршегін шұңғылшаға орнату

- ▶ Ағызу құбыршегін U тәрізді тіреу көмегімен өлшемі сәйкес келетін шұңғылша шетіне іліңіз (10-8-сур.).
- ▶ U тәрізді тіреудің шұңғылшадан сырғуын болдырмау үшін қажет шараларды қолданыңыз.


10.6.2 Ағызу құбыршегін ағын суға арналған келтеқұбырға жалғау

- ▶ Желдеткіш тесігі бар баған құбырының ішкі диаметрі кемінде 40 мм болуы керек.
- ▶ Су ағызатын құбыршекті 80-100 мм кәріз құбырына салыңыз.
- ▶ U тәрізді тіреуді қосып, мықтап бекітіңіз (10-9-сур.).




10.6.3 Ағызу құбыршегін шұңғылшадағы ағызғышқа қосу

- ▶ Құбыршекті жалғау сифоннан жоғары орналасуы тиіс.
- ▶ Жалғағыш келтеқұбыр, әдетте, төсеммен жабылады (А). Дұрыс жұмыс істеуін қаматамасыз ету үшін, бұл төсемді жою қажет (10-10-сур.).
- ▶ Ағызу құбыршегін қамытпен бекітіңіз.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!


- ▶ Ағызу құбыршегін суға батырмаған жөн. Ол сенімді түрде бекітілген және герметикаланған болуы тиіс. Егер ағызу құбыршегі жерге төселсе немесе құбырдың биіктігі 80 см-ден аз болса, кір жуатын машина толтыру кезінде суды үздіксіз төгіп тұрады (автоматты түрде төгу).
- ▶ Ағызу құбыршегін ұзартуға болмайды. Қажет болса сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға хабарласыңыз.



10.7 Құбыр суын беру үшін қосу

Тығыздауыштар орнатылғанына көз жеткізіңіз.

1. Су құятын құбыршекті иілген ұшымен машинаға қосыңыз (10-11-сур). Бұрандалы қосылысты қолмен созыңыз.
2. Су құятын құбыршектің екінші ұшын су беретін кранға 3/4 дюйм бұрандамен қосыңыз (10-12-сур.).



10.8 Электрқорекке қосу

Әр қосу алдында мыналарды тексеріңіз:

- ▶ қуат көзі, резеткі және сақтандырғыш зауыт тақтайшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.
 - ▶ розетка жерге тұйықталған, бірнеше орынды таратқыштар немесе ұзартқыштар пайдаланылмайды.
 - ▶ Аша мен розетка бір-біріне толық сәйкес келеді.
- Электр сымның ашасын резеткіге қосыңыз (10-13-сур.).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Барлық қосылыс (қуат көзінің ашасы, ағызу және су беру құбыршегі) мықтап тартылғанын, құрғақ болғанын және еш жерінен су тамып тұрмағанын қадағалаңыз!
- ▶ Бұл бөліктер ешқашан жаншылмауын, майыспауын және бұралмауын қадағалаңыз.
- ▶ Қуат баусымы зақымдалған жағдайда қауіпті болдырмау үшін баусымды өндіруші, сервистік қызмет немесе осыған ұқсас білікті персонал ауыстыруға тиіс.

11.1 Өнімнің техникалық сипаттамалары

Сауда маркасы	Haier
Модельдің сәйкестендіргіші	HWD120-BD14378, HWD120-BD14378D, HWD120-BD14378S
Энерготиімділік сыныбы ¹⁾	A
Стандарт бағдарламаларда жуу, сығу және кептіру барысында энергия тұтынуы мақта үшін ²⁾ в кВт•сағ/толық жұмыс циклы ³⁾	8
Стандарт бағдарламаларда жуу, сығу барысында энергия тұтынуы мақта үшін ²⁾ в кВт•сағ/жуу циклы ³⁾	0.95
Жуу тиімділігінің сыныбы ¹⁾	A
60 °C-де мақта жуғандағы стандарт циклда сыққаннан кейін қалған судың ²⁾ %-тік мөлшері	53
60 °C-де мақта жуғандағы стандарт циклда сығудың максималды жылдамдығы ²⁾ , айн./мин	1400
60 °C-де мақта жуғандағы стандарт жуу циклында жуу көлемі (кептірусіз) ²⁾ , кг.	12
Мақтаны кептірудің стандарт циклындағы кептіру өнімділігі ²⁾ , кг.	8
Жуу, сығу және кептіруге су жұмсауы ²⁾ , л/толық жұмыс циклы.	140
Сығу арқылы жууға су жұмсауы ²⁾ , л/толық жұмыс циклы.	75
Жуу және кептіру уақыты. Толық жұмыс циклында бағдарламаны орындау уақыты, мин.	700
Кептіргішті үнемі пайдаланғанда, төрт адамнан тұратын отбасының болжамды жылдық тұтынуы (200 цикл), кВт•сағ.	1600
Кептіргішті мүлде пайдаланбайтын төрт адамнан тұратын отбасының болжамды жылдық тұтынуы (200 цикл), кВт•сағ.	190
Стандартты мақта бағдарламасындағы ²⁾ жуу, айналдыру және кептіру циклдары кезіндегі шу dB(A)re 1pW	55/72/56

¹⁾ G сыныбы – энергия тиімділігінің ең төменгі, ал A класы – ең жоғары класы болып табылады.


²⁾ Еуропалық нормативтерге сәйкес стандарт бағдарламалар: Жуу: бағдарлама <Хлопок+> (Мақта+), температура 60 және макс. сығу жылдамдығын таңдау, «Старт» батырмасын басу. Кептіру: «Сушка» (Кептіру) батырмасын 5 секунд басып тұру. Дисплейге «dF» жазуы шығуға тиіс. «Старт» батырмасын басыңыз.

³⁾ Энергияны нақты тұтыну кір жуатын машинаның қалай қолданылатынына байланысты.


11.2 Қосымша техникалық сипаттамалар

	HWD120-BD14378, HWD120-BD14378D, HWD120-BD14378S
Кернеу (В)	220-240 В ~/50Гц
Ток күші (А)	10
Макс. қуат, Вт	2000
Су қысымы, МПа	$0.03 \leq P \leq 1$
Таза салмағы, кг	81

11.3 Өнімнің габариттері



АЛДЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ КӨРІНІС



ҚАБЫРҒА ҮСТІНЕН ҚАРАҒАНДАҒЫ КӨРІНІС

БҰЙЫМНЫҢ ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ	HWD120-BD14378, HWD120-BD14378D, HWD120-BD14378S
A Габариттік биіктігі, мм	850
B Габариттік ені, мм	595
C Басқару панеліне дейінгі тереңдігі, мм	618
D Габариттік тереңдігі	685
E Есігі ашық кездегі тереңдігі, мм	1146
F Қабырғадан минималды қашықтығы (есікті ашу үшін), мм	300

Ескертпе: машинаңыздың нақты биіктігі аяқшалары машина түбінен қаншалықты көтеріліп тұрғанына байланысты.

Haier компаниясының тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарла-сып, түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Тұрмыстық құрылғыларда ақаулықтар туындаса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін қараңыз.

Егер мәселенің шешімін таппасаңыз, хабарласыңыз:

— ресми дилерге немесе

— біздің байланыс орталығына:

8-800-070-01-29 (РК)

— қызмет сұрауын жіберу және жиі қойылатын сұрақтарға жауап алу үшін www.haieronline.kz сайтына кіріңіз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде зауыттың сәйкестендіру тақтасында немесе түбіртектен табуға болатын келесі ақпаратты көрсетіңіз:

Улгісі _____

Сериялық нөмір _____

Сату күні _____



Сондай-ақ кепілдік және сату құжаттарын тексеріңіз.

Маңызды! Өнімде сериялық нөмірдің болмауы өндірушіге кір жуғыш машинаны анықтауға және соның салдарынан кепілдік қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Өнімнен зауыттық белгілерді алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бас тартудың себебіне айналуы мүмкін.

Өндіруші қосымша ескертусіз өнімнің дизайны мен конфигурациясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай* кепілдікті мерзімді белгілейді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоназыту контуринен және электрлік қосылғыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- сұқбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: үкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгің қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған төрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішекелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
- басқару пультірі, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

* Кір жуатын/кепіретін/ыдыс жуатын машинаның инверторлық моторына, тоназытқыш/мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кепіретін машинаның компрессорына кепілдік мерзімі - тауар Тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Кір жуатын/кепіретін машинаның тура жетекті моторына (статор, ротор) шексіз кепілдік беріледі.

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

**Уполномоченная организация/ импортер: ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.
Тел.: 8-800-250-43-05, адрес эл. почты: info@haierussia.ru**

**Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.
Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы: support-kz@haieronline.kz**

**Уполномоченная организация в Республике Казахстан: ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.
Тел.: 8-800-070-01-29, адрес эл. почты: support-kz@haieronline.kz**

**Сделано в Китае
Қытайда жасалған**

**Дата изготовления
и гарантийный срок указаны
на этикетке устройства**

**Шығарылған күні
және кепілдік мерзімі
құрылғының заттаңбасында
көрсетілген**

HWD120-BD14378

Haier

0020511059 V1